



# ҚАЗАҚСТАН (ҚАЗАҚ ЕЛІ) ТАРИХЫ

---

Практикум

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН (ҚАЗАҚ ЕЛІ)  
ТАРИХЫ

*Практикум*

7.02.2017ж.  
Кадрлармен аяқталды.  
Ә.Шайт

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016



ӘОЖ 94 (574)  
Қ 18

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
тарих, археология және этнология факультетінің  
Ғылыми кеңесі мен Редакциялық-баспа кеңесі  
шешімімен ұсынылған (№1 хаттама 2 қараша 2016 жыл)*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
жанындағы Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді  
зерделеудің республикалық ғылыми-зерттеу  
орталығында дайындалған

**Пікір жазған**

тарих ғылымдарының докторы, профессор *М.Е. Елеуов*

**Жалпы редакциясын басқарған:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан ҰҒА құрметті мүшесі *Т. Омарбеков*

Қ 18 **Қазақстан** (Қазақ елі) тарихы: практикум / Т. Омарбеков,  
Б.Б. Кәрібаев, Қ.С. Қаражан, М.С. Ноғайбаева [және т.б.];  
жалпы ред. басқ. Т. Омарбеков. – Алматы: Қазақ универси-  
теті, 2016. – 334 б.

**ISBN 978-601-04-2460-9**

Практикум жоғарғы оқу орындарының 5В020300 – тарих, 5В011400  
– тарих мамандықтары бойынша білім алушылар мен оқытушыларға ар-  
налған. Онда Қазақстан тарихының көкейтесті сұрақтарына қысқаша жа-  
уаптар және қажетті әдебиеттер көрсетілген.

**ӘОЖ 94 (574)**

ISBN 978-601-04-2460-9

© Авторлар ұжымы, 2016  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

## КІРІСПЕ

Қазақ елінің тарихын оқу орындарында оқыту тәуелсіздік түсында жаңа талаптарға жауап беруі тиіс болып отыр. Бұл дегеніміз – ең алдымен, тәуелсіз қазақ елінің тарихпен байланысты бүгінгі өзекті мәселелеріне нақты жауаптар іздеу деген сөз. Яғни, тарихтың сабақ аларлықтай тағылымды тәжірибесі бүгінгі күннің толғақты ізденістеріне қызмет етуі керек. Мұның өзі тарихты оқыту мәселесін айқындай және ықшамдай түсуді қажет етеді және тарихи тәжірибені бүгінгі сұранысқа сәйкестендіре білуге ұмтылдырады. Мұндай көзқарас, әрине, оқыту үдерістеріндегі жаңа озат тәжірибелерді де басшылыққа алуды қажеттілікке айналдырып отыр. Әсіресе, озат елдердің тәжірибесін басшылыққа алу мұнда да жаңалықтарды көптеп енгізуге алып келді. Мысалы, бүгінгі күні студенттердің білімі ағымдық бақылау, аралық бақылау, оқу пәндерін сырттай бағалау және мемлекеттік емтихан сауалдарына жауап іздеу тәрізді әдістер арқылы бағаланатын болды. Мұның өзі студенттің Қазақстан тарихына қатысты пәндер бойынша сұрақ-жауап түрінде дайындық жұмыстарын күшейте түсуді қажет етері және белгілі.

Егер қазақ елінің тарихы дегеніміз, шын мәнінде, ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін түрлі тарихи сауалдарға жауап іздеу болып табылатынын ескерсек, студенттің тарих пәнінде осы, өзекті сауалдарға нақты жауаптар беруге дағдылануы олардың жүйелі білім алуына көп көмектеседі деп ойлаймыз.

Сондықтан да жоғарыда аталған оқу әдістерінде қолданылатын білімді тексеру сатылары, негізінен, тарихи сауалдарға жауап беру сипатын ала бастағанын ескере отырып, тарихи білімді оқытуды күнделікті оқу үдерісіне жақындатуды ойластырдық. Мұның өзі студенттерге арналған Қазақстан тарихының барлық кезеңдерін сұрақтар мен жауаптар түрінде қамтитын көмекші оқу құралын – практикумды құрастыру қажеттігіне алып келді. Мұндай көмекші оқу құралы студенттің қазақ тарихының

барлық кезеңдеріне қатысты басты сауалдарға жауап дайындауына айтарлықтай көмек көрсетеді деп ойлаймыз.

Мұндайда біз, әсіресе болашақ тарих мамандарын дайындайтын университеттердегі тарихшы студенттерге осы оқу құралының тиімділігі айқын байқалады дер едік. Өйткені Қазақстан тарихы университеттердегі оқу үдерістерінде алғашқы курстардан соңғы курстарға дейін хронологиялық кезеңдерге сәйкес жеке пәндерге бөлініп оқытылады. Олардың бәрінде де аса маңызды тарихи оқиғалар орын алған. Солардың ішінен нақты да өзекті сауалдарды анықтау және студенттерді осы сұрақтарға ықшам да айқын жауап беруге дайындау – бүгінгі тарих пәнінің міндеті. Практикумды жасау барысында авторлар ұжымы осыны да ескерді.

Сондай-ақ Қазақ елінің тарихы университеттердегі тарих емес факультеттерде де оқытылатыны белгілі. Оларда «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» атты пән азаматтық және патриоттық көзқарасты қалыптастыратын, тәрбиелік мәні бар, негізгі және басты пәндердің бірі болып табылады. Пәннің маңыздылығы сонымен қатар Қазақстан тарихынан мемлекеттік емтихан тапсыру арқылы білімді анықтаудан да көрінеді. Хронологиялық тұрғыдан барлық тарихи кезеңдерді қамтитынына қарамастан, студенттерге ұсынылып отырған осы көмекші оқу құралы (Практикум) біз әңгімелеп отырған тарихшы емес студенттерді оқытатын университеттердің барлық факультеттерінде жоғарыда аталған пәнді оқып-үйренуде қосымша әдістемелік құрал ретінде пайдалануға да қолайлы. Өйткені онда қазіргі заманғы Қазақстанның көкейтесті және өзекті мәселелері бойынша да сұрақ-жауап түрінде тарихи мәліметтер берілген.

Ұсынылып отырған оқу құралын құнды ете түсер тағы бір нәрсе – практикумда қойылған сұрақтарға берілетін жауаптарға қажетті негізгі және қосымша әдебиеттер тіркелген. Ол жоғары оқу орнының оқыту стандартына, Қазақстан тарихынан оқытылатын пәндер бойынша жасалған типтік бағдарламаларға толық сәйкес келеді. Әсіресе практикумды жасау барысында Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы пәнінен алынатын мемлекеттік емтихан сауалдары, сондай-ақ тарихшы студенттерді тарихи кезеңдер бойынша оқытатын Қазақ елі тарихының пәнде-

рінен алынатын емтихан сауалдары ескеріліп, басшылыққа алынды.

Біздің ойымызша, бұл практикум студенттердің өз бетінше сабаққа дайындалуына да көп көмек көрсете алады, сондықтан да студенттердің қолынан түспейтін қажетті оқу құралына айналады деген ойдамыз.

Авторлар ұжымы: т.ғ.д., профессорлар Омарбеков Т., Көрібаев Б.Б., Қаражан Қ.С., Ташенев М.Ж., Султанғалиева Г.С., Хабижанова Г.Б., Сайлан Б.С., Алтаев А.Ш.; т.ғ.к., профессор м.а. Қозыбақова Ф.А., Телеуова Э.Т., Абдильдабекова А.М.; т.ғ.к., доценттер Майданали З., Жұмаділ А.Қ., Удербасова С.К., Ноғайбаева М.С., Уразбаева А.М., Ахметжанова А.Т., Тасилова Н.А., Ноянов Е.Н., Хасанаева Л. М., Абикенова К.Е., Рахимбекова Б.Қ., Абикенова К.Е., PhD Құмғанбаев Ж., Байдаuletова М.Д., Искакова Г., аға оқытушылар – Смағұлов С.С., Өскенбай М., PhD докторанттар – Қошымова А., Сағынаева А.

Авторлар ұжымы, бұл осы бағытта жасалған алғашқы оқу құралы болғандықтан оқырмандардың сын-ескертпелерін қабылдауға және болашақта осы практикумды жетілдіруге байланысты жаңа қадамдар жасауға әрқашан дайын.



5. Соғыссыз әлем – бұл, бірінші кезекте, халықаралық қаржы, сауда-саттық және даму саласындағы жаһандық бәсекелестіктің әділетті парадигмасы. БҰҰ Бас Ассамблеясының 70- сессиясында Қазақстан Жаһандық Стратегиялық Бастама – 2045 Жоспарын жасау бастамасын ілгерілетті. Бұл Жоспар соғыстар мен жанжалдардың түбегейлі себептерін жоюды көздейді. Барлық ұлттардың инфрақұрылымға, ресурстар мен нарықтарға теңдей және әділетті қолжетімділігі негізінде дамуының жаңа үдерісін қалыптастыру маңызды.

«Адамдардың өткен ғасырдағы жасағаны секілді, ХХІ ғасырда да бейбітшілік үшін байыптылықпен және табандылықпен күресу керек. Біз балаларымыз бен немерелеріміздің болашағы туралы ойлауға тиіспіз... Менің «Әлем. ХХІ ғасыр» атты манифестім ХХІ ғасырда өмір сүретін және жұмыс істейтін өскелең ұрпақтың тағдырына шынайы алаңдаушылықтан туындап отыр. Біз, мемлекет басшылары мен саясаткерлер, адамзаттың болашағы үшін зор жауапкершілік арқалап отырмыз... Адамзатты ажал сепкен соғыс қатерінен мүлде арылту үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасауымыз керек. Біз үшін қазір және таяу болашақта бұдан көкейкесті міндет жоқ», – деп қорытындылады Елбасы.

Елбасының авторлығымен шыққан «Әлем. ХХІ ғасыр» Манифестінен кейін Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясында еліміздің мерейі артты. Қауіпсіздік Кеңесіне уақытша мүшелікке үміткер болған Қазақстан үшін 28 маусым күні 138 мемлекеттің жақтап дауыс беруінің нәтижесінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017- 2018 жылдарға тұрақты емес мүшесі болып Қазақстан сайланды. Бұл жас мемлекет үшін үлкен жетістік пен мәртебе деуге болады.

**Ұсынылатын әдебиеттер:** «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесті // Егемен Қазақстан // <https://egemen.kz/2016/04/08/33614>; «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесті // <http://bnews.kz/>; Сұлтанов Қ. «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесті Жер шарына бейбітшілік үндейді // <https://www.zakon.kz/video/v/23200.html>; Н. Назарбаевтың «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесті // <http://ortcom.kz/page/show/manifesto>; Елбасының «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесті БҰҰ Бас Ассамблеясы мен Қауіпсіздік кеңесінің ресми құжаты мәртебесін алды // <http://www.inform.kz/kaz/article/2890492>; Дәурен Е. Шетелдік сарапшылар Елбасының «Әлем. ХХІ ғасыр» манифестін талқылады // [BNews.kz](http://BNews.kz)

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
I бөлім Қазақстан аумағы б.з.б. мыңжылдықтардан ХІІІ ғасырдың басына дейінгі дәуірлерде.....	6
II бөлім Қазақстан ХІІІ-ХVІІІ ғасырлардың алғашқы ширегінде.....	64
III бөлім Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер кыспағында .....	127
IV бөлім Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы.....	237

Оқу басылымы

**ҚАЗАҚСТАН (ҚАЗАҚ ЕЛІ)  
ТАРИХЫ**

*Практикум*

Редакторы *К. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген және  
мұқабасын безендірген *Н. Базарбаева*

**ИБ№10127**

Басуға 09.12.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Көлемі 20,87 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №4818.  
Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.